КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Қ А У Л Ы

2023 жылғы 27 желтоқсан №6200-23-00-2а/309 Жезқазған қаласы

Ұлытау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында төрағалық етуші сот алқасының төрағасы Ж.Б.Шортанбаев, сот алқаксының судьялары С.С.Сагатов, Ж.Е.Кенжин болып, талап қоюшының апелляциялық шағымы бойынша талап қоюшының өкілі С.С.Анапияновтың, жауапкердің өкілдері Р.Н.Хусаиновтың және Е.А.Джабыкбаевтың қатысуларымен, талап қоюшы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынының жауапкер «Стройлаб» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюымен қозғалған азаматтық істі және ос іс бойынша қабылданған Ұлытау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 31 қазанындағы шешімін қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ:

Талап қоюшы аталған талап қоюымен сотқа жүгініп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қою жауапкердің мемлекеттік сатып алу шарты бойынша өз міндеттерін тиісті түрде орындамағанымен негізделген.

Ұлытау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 31 қазанындағы шешімімен жоғарыда аталған талап қоюды қанағаттандырудан бас тартылған.

Бірінші сатыдағы сотпен тараптар арасында тауар жеткізу жөнінде мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалғаны анықталды. Жауапкер өз міндетемелерін уақытылы орындамай, тауарды кеш жеткізіп берген.

Бірінші сатыдағы сот талап қоюды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде жауапкердің тауарды жеткізіп бергенін және жағымсыз салдардың пайда болмауын басшылыққа алған.

Талап қоюшы апелляциялық шағымында бірінші сатыдағы сот шешімінің күшін жоюды және іс бойынша талап қоюды қанағаттандыру туралы жаңа шешім қабылдауды сұрайды. Сонымен қатар, шарттың тиісінше дер кезінде орындалмауы талап қоюшы үшін жағымсыз салдарға әкеп

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Сагатов С. С., 05.01.2024
Құжатқа қол қойылған: Кенжин Ж. Е., 05.01.2024
Құжатқа қол қойылған: Шортанбаев Ж. Б., 05.01.2024

соқтырғанын және үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылғанын көрсетті.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 413-бабының 1-бөлігіне сәйкес сот істі апелляциялық тәртіппен қарау кезінде бірінші сатыдағы сот шешімінің заңдылығы мен негізділігін толық көлемде тексереді

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 427-бабы 1-бөлігінің 3) тармақшасы бойынша, апелляциялық тәртіппен сот шешімінің күшін жоюға не оны өзгертуге шешімде баяндалған бірінші сатыдағы сот түйіндерінің істің мән-жайларына сәйкес келмеуі негіз болып табылады.

2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сай онымен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған өнім берушіні жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысының 8-тармағы бойынша, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Іс-құжаттарынан талап қоюшы мен жауапкердің арасында 2023 жылы 14 мамырда тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасалғаны, және осы шарт бойынша жауапкер ветеринарлық қан алу жүйесінің жиынтықтарын шарт жасалғаннан кейін күнтізбелік 30 күн ішінде, яғни, 2023 жылы 13 маусыға дейін 438 379 жиынтығын, күнтізбелік 60 күн ішінде, яғни, 2023 жылы 13 шілдеге дейін 438 379 жиынтығын, күнтізбелік 90 күн ішінде, яғни, 2023 жылы 12 тамызға дейін 284 079 жиынтығын жалпы бағасы 33 083 855 теңге құрайтын тауарды талап қоюшыға жеткізіп беруге міндеттелгені анықталды.

Талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы сотқа берілгеннен кейін ғана жоғарыда аталған тауарлар жауапкермен 2023 жылдың 23 қазанында талап

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Сагатов С. С., 05.01.2024
Құжатқа қол қойылған: Кенжин Ж. Е., 05.01.2024
Құжатқа қол қойылған: Шортанбаев Ж. Б., 05.01.2024

қоюшыға жеткізілген. Бұған дейін тауардың техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты тауар талап қоюшымен екі рет қабылданбай қайтарылды.

АК-нің 272-бабы бойынша міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Бірінші сатыдағы сотта анықталып көрсетілген мән-жайлар, жауапкердің тауарларды уақытылы жеткізіп беру жөніндегі міндеттемелерін орындамауын нақтылайды.

Жауапкер өз тарапынан мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарт бойынша міндеттемелерін тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғаны жайлы дәлелдерді сотқа ұсынбаған және ондай мән-жайлар сотта анықталмады.

Заңның 43-бабының 23-тармағына сәйкес тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Анықталған мән-жайларда бірінші сатыдағы соттың жағымсыз салдарлардың пайда болмауы туралы түйіні негізсіз болып табылады.

Жауапкердің жосықсыз іс-әрекеттерінің салдарларынан талап қоюшының үздіксіз ветеринарлық жұмыс жасауына, оның ішінде, жануарлардың аса қауіпті ауруларын диагностикалауға кедергі болатын қауіпті мән-жайға әкеп соққан.

Жоғарыда анықталған мән-жайларға байланысты апелляциялық сатыдағы сот шарт бойынша өз міндеттерін тиісінше орындамаған жауапкердің кінәсінен талап қоюшыны шарт жасаған кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатындай залалға әкеп соқты деп санайды.

Осы жайттар жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға жеткілікті негіздер болып табылады.

Сондықтан, дау айтылып отырған сот шешімін заңды және негізді деп есептеуге болмайды, аталған шешімнің күші жойылып, іс бойынша талап қою қанағаттандырылып, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы жаңа шешім қабылдануға жатады

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 117-бабының 1-бөлігіне сай жауапкерден мемлекеттік пайдасына 1725 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

6200-23-3-2/309

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Сагатов С. С., 05.01.2024
Құжатқа қол қойылған: Кенжин Ж. Е., 05.01.2024
Құжатқа қол қойылған: Шортанбаев Ж. Б., 05.01.2024

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 424-бабы 1-бөлігінің 3) тармақшасын және 425-бабының 1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **сот алқасы**

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Осы азаматтық іс бойынша қабылданған Ұлытау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 31 қазанындағы шешімінің күші жойылсын, осы іс бойынша талап қоюды толық қанағаттандыру туралы жаңа шешім қабылдансын.

«Стройлаб» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Талап қоюшының апелляциялық шағымы қанағатандырылсын.

«Стройлаб» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Қаулы жарияланған күннен бастап заңды күшіне енеді, және тараптар мен басқа да іске қатысатын тұлғалар, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 54-тарауында белгіленген талаптарды сақтай отырып, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына сот қаулысын кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхат (наразылық) беруге құқылы.

Төрағалық етуші: **Ж.Б.Шортанбаев**

Судьялар: **С.С.Сагатов**

Ж.Е.Кенжин

6200-23-3-2/309

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Сагатов С. С., 05.01.2024
Құжатқа қол қойылған: Кенжин Ж. Е., 05.01.2024
Құжатқа қол қойылған: Шортанбаев Ж. Б., 05.01.2024

ЖАДНАМА

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына кассациялық тәртіпте өтінішхат жіберу кезінде

ТЕКСЕРУІҢІЗ қажет:

I. Өтінішхаттың АПК-нің 434-бабының 2-бөлігінің талаптарына сәйкестігін (кассациялық тәртіппен қайта қаралуға жатпайтын сот актілерінің тізімі);

II. Өтінішхаттың АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкестігін (өтінішхаттың мазмұны). Тапсырма бойынша өкілдік ету АПК-нің 61-бабына сай ресімделеді.

Өтінішхатқа сенімхат, адвокат куәлігі және қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарлама, заң консультанттары палатасына мүшелікті растайтын құжатты міндетті түрде тіркеу қажет.

III. Соттардағы мемлекеттік баж төлеу Салық кодексінің 610-бабына сәйкес жүргізіледі. Соттарда мемлекеттік баж төлеуден босату Салық кодексінің 616-бабында көрсетілген. Талап қою бағасы АПК-нің 104-бабының талаптарына сай анықталады («Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі № 6 Нормативтік қаулысының 3-тармағы);

IV. Мемлекеттік баж төлеу үшін төлем деректемелері.

Бенефициар: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Астана қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Есіл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі

БСН: 081240013779

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6205

БКК 108126

ТТК 911